

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Айдарлы ауылының негізгі орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау
ЕСЕБІ

Айдарлы ауылы (қаласы)

«__» _____ 2024 жыл

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Білім беру ұйымының толық атауы:

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Айдарлы ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы):

Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Айдарлы ауылы, Орталық көшесі22

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

8(71632)26406, эл.пошта:aidarly@mail.kz,

web-сайт:<http://sc0036.zerenda.aqmoedu.kz/>

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):

Мәнәп Айдын Саматұлы «Ақмола білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Айдарлы ауылының негізгі орта мектебі» КММ директоры қызметінде 2019 жылдың 19 тамызынан бастап жұмыс атқарады.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі):

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама Ақмола облысының әділет департаменті Бурабай ауданаралық Әділет басқармасымен 2021 жылғы 18 қаңтарда берілген. БСН: 971240002452. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Айдарлы ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы, Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы №А-1/3 қаулысымен бекітілген. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Айдарлы ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне «Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 2021 жылы 1 ақпанда № KZ24LAA00021206 мемлекеттік лицензия және бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша берілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақмола облысының Білім саласындағы бақылау департаментінің қызметті жүзеге асыруды

бастағаны туралы № KZ60RVK00009980 хабарлама негізінде мектеп жанында «Балбөбек» шағын орталығы жұмыс істейді.

2. Мектепке дейінгі білім беру бойынша кадр әлеуетін талдау

«Балбөбек» шағын орталығында 2 тәрбиеші жұмыс істейді. Ракишева Л.С. – білімі арнаулы-орта, Зерен колледжі, 2012 жылы бітірген, мамандығы – бастауыш мұғалімі. Мектепке дейінгі даярлық курсы Шучье қаласының педколледжінде 2019 жылы мектепке дейінгі білім беру бойынша қайта даярлау курсы өтті. Педөтілі – 13 жыл. 06.10.2022 жылы "ӨРЛЕУ "БАҰО" АҚ біліктілік арттыру курстарынан өткен.

Ибраева Қ.С. – білім арнаулы-орта, Көкшетау қ. Академия Көкше колледжін 2013 жылы аяқтады, мамандығы – бастауыш мұғалімі. Мектепке дейінгі даярлық курсы Шучье қаласының педколледжінде 2021 жылы мектепке дейінгі білім беру бойынша қайта даярлау курсы өтті. Педөтілі – 1 жыл. 16.06.2022 жылы "ӨРЛЕУ "БАҰО" АҚ біліктілік арттыру курстарынан өткен.

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында 1 педагог қызмет атқарды. Тулебаева Б.Б. – білімі арнаулы орта. «Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешісі» Шучье педагогикалық училищесі, 1987 ж. Екінші білімі – жоғары. Педагогика және психология. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2004 ж. 2022 жылы Инновациялық Еуразия университеті Біліктілік арттыру институтында «Мектепке дейінгі мекемедегі білім беруді ұйымдастыру тәжірибесі мен теориясы» біліктілігі бойынша қайта даярлау курсынан өтті. Педөтілі – 35,4 жыл. Лауазымы – мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі, мектеп психологы.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

2023-2024 оқу жылында «Балбөбек» шағын орталығына жаңадан үш бала қабылданды. Тізім бойынша 2023-2024 оқу жылында жалпы 13 бала оның ішінде (5-қыз бала, 8-ұл бала). Балалар әр-түрлі жастағы 1 топта тәрбиеленуде. «Балбөбек» шағын орталығында ерекше білім алу қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің жоқтығы көрсетілген.

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбына 3 бала қабылданды. Ерекше білімді беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болған жоқ. 2023 жылы «Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі» ММ мектепке дейінгі білім беруге мемлекеттік тапсырыс жарияланған.

Тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару туралы бұйрықтар қарастырылып, талдау жасалды. Мектепалды даярлық сыныбының дайындық деңгейін ата-аналардың балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқытуды сауалнама нәтижелерінде қанағаттанатынын көрсетіп отыр. Бағаланған кезеңдегі мектепалды даярлық сыныбы оқу жылы

кезеңінде мектепалды даярлық сыныбынан шығарылған немесе қайта даярлау сыныбында қайталап оқытылған балалар жоқ.

Жас топтарын қалыптастыру талапқа сай жүргізілген. Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдері қоса беріледі;

4. Мектепке дейінгі білім беру бойынша оқу-әдістемелік жұмыс

Айдарлы ауылының негізгі орта білім беретін мектебі жанындағы «Балбөбек» шағын орталығының 2023-2024 оқу жылдарына және мектепалды даярлық сыныптың 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарлары зерделеніп, талдау жасалды. 2023-2024 оқу жылында «Балбөбек» шағын орталығында 1 (3-4 жастағы балалар) ортаңғы тобы бар. Оқу жұмыс жоспарлары білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрылған, мектеп директоры Мәнәп А.С. бекітілген.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық сыныпта оқу қызметінің жалпы саны аптасына 20 сағат және қосымша 4 сағат. Жалпы 24 сағатты құрайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут құрайды.

Үлгілік оқу бағдарламасына сай жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде барлық ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жұмыс жоспарында толық қамтылған.

Ортаңғы топтың оқу жоспарында оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут көрсетілген.

«Балбөбек» шағын орталығының 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары берілді. Оқу жоспарында ортаңғы топ (3-4 жастағы балалар) қамтылған.

МАД сыныбының 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары ұсынылды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 25-30 минут деп көрсетілген.

Мектепалды даярлық сыныбының перспективалық жоспары 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін 35 аптаға ұсынылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және олардың әрекет түрлері бойынша ұйымдастырылған. «Балбөбек» шағын орталығының жылдық жұмыс жоспарынан оқытудың күтілетін нәтижелері

түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған.

Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде перспективалық жоспар, циклограмма құрылған. Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген.

Шағын орталықтың жылдық жұмыс жоспары ұсынылды, жоспарда әдістемелік мәселесі мен мақсаты берілген. Ортаңғы топ тәрбиеленушілерінің даму мониторингі ұсынылды. Мектепалды даярлық сыныбының 2023-2024 оқу жылына диагностикалық бақылауы ұсынылды. Мектепалды даярлық сыныбының 2023-2024 оқу жылының перспективалық оқу жоспары берілді. Педагог-психологтың 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары берілді, жұмыс жоспарына жалпы білім беретін мектеп пен шағын орталық арасындағы сабақтастық жұмыстары енгізілді. Оқу үрдісі тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріліп, ұйымдастырылды.

Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін қарастырған. Перспективалық жоспарға негіз болатын өтпелі тақырыптар ұсынылған, осы жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған. Перспективалық жоспар мен циклограммадағы тақырыптар өзара үйлесімді және білім беру салалары өзара кіріктірілген. Топтарда «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі оқу қызметіне кіріктірілген. Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылып, балаларды қабылдаудан бастап, мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етілген.

2023-2024 оқу жылына арналған шағын орталықтың және мектепалды даярлық сыныбының оқу жұмыс жоспарының көшірмелері берілді. Жас ерекшелігіне байланысты 3 жастан бастап (орта топқа) арналған перспективалық жоспары, циклограммасы ұсынылды. Баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін тәулік бойғы уақытты тиімді бөлу және түрлі іс-әрекет пен демалыстың дұрыс өзара бірізділігін көрсететін күн тәртібі 2023-2024 оқу жылы бойынша ұсынылды. 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиеленушілердің зияткерлік, шығармашылық және көркем конкурстарға қатысқан жетістіктерін дәлелдейтін құжаттары ұсынылды.

5. Оқу материалдық активтер

«Балбөбек» шағын орталығы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес

келетін жиһаз жиынтығы (үстелдер, орындықтар, кереуеттер, төсек-орындар, шкафтар, қол жуатын раковиналар, және т.б.) жеткілікті мөлшерде қамтылған..

Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған. Жабдықтар мен жиһазға жүккүжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінен мектепалды даярлық сыныптың және шағын орталықтың пәндік-кеңестік ортасы толықтырылып отырады.

6. Кітапхана қоры және ақпараттық ресурстар

Шағын орталық тәрбиеленушілеріне арналған қазақ тілі бойынша «Қызықты ертегілер» және «Үйшік» оқу әдістемелік кешендері бар.

7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

2023-2024 оқу жылында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің және тәрбиеленушілердің жеке даму карталары ұсынылды. «Балбөбек» тобында және мектепалды даярлық сыныбында балалардың жеке даму карталары әрбір сала бойынша толтырылған.

«Балбөбек» шағын орталығы мен мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары мен мониторингтері қарастырылып, талдау жасалды.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері 2023-2024 оқу жылына қарастырылған топтағы баланың даму мониторингі баланың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша кестелер толығымен толтырылған. Білім берудің 5 саласы бойынша әр топқа мониторингтер бар. Балалардың іскерліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері жүйелі түрде жүргізіледі.

Балалардың даму мониторингі, баланың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы, бақылау нәтижелері бойынша кестелер, даму карталары ұсынылды.«Балбөбек» ортаңғы тобы мен мектепалды даярлық сыныбы барлық тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары ұсынылған. Жеке даму карталарында балалардың «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» салалары бойынша бастапқы, аралық және қорытынды бақылаудан кейінгі білім, білік, дағды деңгейлері көрсетілген.

9. Мектеп бойынша кадр әлеуетіне сараптама

Айдарлы негізгі орта мектебінде 15 мұғалім жұмыс атқаруда. Барлығы жоғары білімді ұстаздар. Кадр мәселесі толығымен шешілген. Педагог-модераторлар – 3. Педагог-сарапшылар – 6. Педагог-зерттеушілер – 1. Мектеп мұғалімдері және оқушылары аудандық, облыстық және

республикалық іс-шараларға, онлайн форматтағы сайыстарға, интернет-байқауларға белсене қатысып жүреді.

2023-2024 оқу жылында педагог және мұғалімдер кадрлардың саны – 15. Жоғары білімді – 15, оның ішінде 2 магистр. 1-9 сыныптарда сабақ беретін мұғалімдердің саны – 14, 1 педагог-психолог, 1 аға тәлімгер қызмет атқарады.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы саны – 8. Оның ішінде педагог-сарапшы – 4 мұғалім, педагог-зерттеуші – 1 мұғалім. Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі – 86 %.

5-9 сыныптарда 11 мұғалім сабақ береді. 6 мұғалім де педагог-сарапшы санаттылығы бар. Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі – 54 %.

Тиісті бейін бойынша жоғары оқу орнын бітірген, педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәлімет:

1. Мәнәп Айдын Саматұлы – білімі жоғары. Физика мұғалімі. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2015 ж. Педагог-сарапшы.

Ш.Уәлиханов атындағы КМУ «География» бойынша Педагогика ғылымдарының магистрі, 2018 ж. Педөтілі – 8,4 жыл. Лауазымы – физика пәні мұғалімі, мектеп директоры.

2. Торсанова Рашида Кайрхановна – білімі жоғары. Химия және биология пәні мұғалімі. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2004 ж.

Бастауыш сынып мұғалімі – білімі арнаулы орта, Ж.Мусин атындағы Көкшетау қазақ педколледжі, 1998 ж. Қайта даярлау курсы. «Бастауыш мектептегі заманауи білім беру технологиялары» Инновациялық Еуразия университеті, 2022 ж. Педагог-сарапшы, бұйрық № 197, 28.12.2020 ж.

Педөтілі – 22,4 жыл. Лауазымы – бастауыш сынып мұғалімі, химия және биология мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі.

3. Бекжанова Сандугаш Амангельдиновна – білімі арнаулы орта.

Бастауыш сынып мұғалімі. Көкшетау қазақ педагогика училищесі, 1992 ж.

Қайта даярлау курсы. «Бастауыш мектептегі заманауи білім беру технологиялары» Инновациялық Еуразия университеті, 2022 ж. Педагог-зерттеуші, бұйрық № 48, 28.12.2020 ж. Екінші білімі жоғары. Педагог-

психолог. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2005 ж. Педөтілі – 31,4 жыл. Лауазымы – бастауыш сынып мұғалімі.

4. Воронова Куляим Бексултановна – білімі жоғары. Бастауыш

сыныпмұғалімі. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Мемлекеттік университеті, 1998 ж. Бұйрық № 181, 29.05.2015 ж. Педөтілі – 42,4 жыл. Лауазымы – бастауыш сынып мұғалімі.

5. Искожа Арайлым Сайлаубековна – білімі жоғары. Бастауыш оқытудың

педагогикасы мен әдістемесі. А.Мырзахметов ат. Көкшетау университеті, 2009 ж. Педагог – модератор, бұйрық № 19, 05.07.2021 ж. А.Мырзахметов

ат. Көкшетау университеті «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, 2022 ж. Педөтілі – 11,4 жыл. Лауазымы – бастауыш сынып мұғалімі, мектеп кітапханашысы.

6. Капышева Асем Маратхановна – білімі жоғары. Тарих, құқық және экономика негіздері. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2004 ж. Педагог – сарапшы, бұйрық № 373, 31.08.2023 ж. Педөтілі – 15,4 жыл. Лауазымы – тарих және құқық мұғалімі, тәрбие ісінің меңгерушісі.

7. Курмангожина Жумажан Валихановна – білімі жоғары. Орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау педагогикалық институты, 1990 ж. Педагог – модератор, бұйрық № 311, 26.06.2023 ж. Педөтілі – 33,4 жыл. Лауазымы – қазақ тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі.

8. Айдосова Айнур Кулынбековна – білімі жоғары. Математика және физика пәні мұғалімі. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2004 ж. Педагог – модератор, бұйрық № 311, 26.06.2023 ж. Педөтілі – 18,4 жыл. Лауазымы – математика пәні мұғалімі.

9. Тулебаева Бибигуль Буркитовна – білімі арнаулы орта. «Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешісі» Щучье педагогикалық училищесі, 1987 ж. Екінші білімі – жоғары. Педагогика және психология. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2004 ж. Педагог, бұйрық № 311, 26.06.2023 ж. Педөтілі – 36,4 жыл. Лауазымы – мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі, мектеп психологы.

10. Жылкыбаева Айгуль Толкынбековна – білімі жоғары. Неміс тілі және тәрбие жұмысының әдістемесі, Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау педагогикалық институты, 1994 ж. Орыс тілі мен әдебиеті. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2010 ж. Педагог – сарапшы, бұйрық № 373, 31.08.2023 ж. Педөтілі – 29,4 жыл. Лауазымы – орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі.

11. Капышев Тлеу Шаймуратович - білімі жоғары. Тарих және география. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау Мемлекеттік университеті, 2005 ж. Педөтілі – 12,4 жыл. Лауазымы – география пәні мұғалімі.

12. Искожа Қанатбек Бауыржанұлы – білімі жоғары. Мамандығы – дене шынықтыру және спорт. Көкшетау университеті, 2006 ж. Педагог-сарапшы, бұйрық № 197, 28.12.2020 ж. Педөтілі – 17,4 жыл. Лауазымы – дене шынықтыру пәні мұғалімі.

13. Ракишев Ербол Темиржанович – білімі арнаулы орта. Әлеуметтік мәдени қызмет. Ақан сері атындағы Көкшетау мәдениет колледжі, 2001 ж. Екінші білімі – жоғары. Кәсіптік оқыту. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, 2014 ж. Педөтілі – 7,4 жыл. Лауазымы – музыка пәні мұғалімі, көркем еңбек мұғалімі.

14. Рахматулина Камила Манарбековна – білімі жоғары. Шет тілі. Екі шет тілі. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, 2015 ж. Педагог-сарапшы, бұйрық № 399, 25.12.2018 ж. Педөтілі – 14,4 жыл. Лауазымы – ағылшын тілі мұғалімі, әлеуметтік педагог.

15. Уахитова Индира Уахитовна – білімі жоғары. Мамандығы – тарих, Б.Алтынсарин атындағы Арқалық Мемлекеттік институты, 2014 ж. Қайта даярлау курсы. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Үздіксіз білім беру институты «Информатика» . 2021 ж . Педөтілі – 8,4 жыл. Лауазымы – аға тәлімгер, информатика пәні мұғалімі. Қоса атқару шарттарында жұмыс істейтін педагогтер мектебімізде жоқ. Педагогтардың білімін растайтын құжаттар келесі сілтемеде

Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер.

Мәнәп Айдын Саматұлы– 21.10.2022 ж.,«Өрлеу» БАОА» АҚ

Торсанова Рашида Кайрхановна – 24.07.2023 ж., «Өрлеу» БАОА» АҚ

Бекжанова Сандугаш Амангельдиновна – 03.12.2024 ж ., «Өрлеу» БАОА» АҚ

Воронова Куляим Бексултановна – 15.03.2023 ж., «ИНЕУ»

Искожа Арайлым Сайлаубековна – 22.05.2024 ж.,«Өрлеу» БАҰО» АҚ

Капышева Асем Маратхановна – 26.07.2022 ж., Көкшетау қ. ПШО

филиалы

Курмангожина Жумажан Валихановна – 26.07.2022 ж.,«Өрлеу» БАҰО» АҚ

Жылкыбаева Айгуль Толкынбековна – 21.07.2022 ж., Көкшетау қ. ПШО

филиалы

Айдосова Айнур Кулынбековна – 15.07.2023 ж., «Өрлеу» БАОА» АҚ

Тулебаева Бибигуль Буркитовна– 01.07.2022 ж., Көкшетау қ. ПШО

филиалы

Капышев Тлеу Шаймуратович – 22.05.2019 ж., «Өрлеу» БАҰО» АҚ

Искожа Қанатбек Бауыржанұлы – 19.12.2023 ж., РГКП"Национальный научно-практический центр физикеской культуры"

Ракишев Ербол Темиржанович – 04.06.2024 ж.,«Өрлеу» БАҰО» АҚ

Рахматулина Камила Манарбековна – 04.06.2023 ж., Көкшетау қ. ПШО

филиалы

Уахитова Индира Уахитовна- жоқ.

10. Оқушылар контингенті

Айдарлы негізгі мектебіне 2023 - 2024 оқу жылының басында 36 оқушы білім алуға келді. 36 оқушы аяқтады.

1 сыныпта 3 оқушы оның екеуі ер бала.

2 сыныпта 3 оқушы оның біреуі ер бала.

3 сыныпта 2 оқушы оның екеуі ер бала.

4 сыныпта 8 оқушы оның екеуі қыз бала, алтауы ер бала.

5 сыныпта 2 оқушы оның біреуі қыз бала, біреуі ер бала.

6 сыныпта 3 оқушы оның біреуі қыз бала, екеуі ер бала.

7 сыныпта 3 оқушы оның екеуі қыз бала, біреуі ер бала.

8 сыныпта 5 оқушы оның төртеуі қыз бала, біреуі ер бала.

9 сыныпта 7 оқушы оның үшеуі қыз бала, төртеуі ер бала.

11. Оқу-әдістемелік жұмыс

2023-2024 оқу жылына арналған мектеп жұмысының тақырыбы: «Жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың ой-өрісін, дарынын, білімін дамыту». 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік тақырып: «Мұғалімнің кәсіби құзырлығын арттыру арқылы мектеп дамуының тұлғаға бағытталған ұстанымды жүзеге асыру».

Жылдық жұмыс жоспарының құрылымы:

1. 2022-2023 оқу жылындағы мектеп жұмысының сараптамасы.
2. Жаппай біліммен қамтамасыз ету жоспары.
3. Мектепті басқару жұмысын ұйымдастыру.
4. Мектепшілік бақылау.
5. Педагогикалық кадрлармен жұмыс.
6. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру.
7. Медбике жұмысының жоспары.
8. Әлеуметтік педагог жұмысының жоспары.

Мектептің жұмыс жоспарлары құрастырылып, мектеп директорымен бекітілген.

Мектептің жылдық жұмыс жоспарларын зерделеу барысында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес жалпы орта білім берудің базалық құндылықтары, мақсаттары мен міндеттері көрсетілген.

2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптарда 3 сыныпкомплект бар.

1-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 19,5 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 18,5 сағат, вариативтік компонент 1 сағат оқу жоспарында берілген.

2-3 сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты құрайды.

4-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты құрайды.

5-9 сыныптар аралығында 3 комплект бар.

5-6 сыныпжұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,5 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты құрайды.

7-8-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 32,5 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты құрайды.

9-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 34 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 33 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты құрайды.

2023-2024 оқу жылдарына арналған сабақ кестесі қарастырылды. 2023-2024 оқу жылында жалпы мектеп бірінші ауысымда оқиды. Сабақ кестесі ата-аналар комитетінің төрайымымен келісілген, мектеп директорымен бекітілген. Сабақ кестесі оқу жұмыс жоспарларына сәйкес құрастырылған.

1-9 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) негізінде әзірленген.

2022-2023 жылғы мониторинг бойынша тақырыптың толтырылуы – 100 %, журналдың жүргізілуі – 99,21 %, бағалар қойылған журналдар саны – 133 ішінде 133, үй тапсырмасының уақыттылы толтырылуы – 95,42 %, жоспарлауды жүргізу – 100 %.

Оқу пәндерінің негізгі мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беру бағдарламаларына сай жүргізілген.

«Күнделік.kz» электронды журналдағы «Қосымша білім беру» бөліміндегі үйірмелерінің күнтізбелік тақырыптық жоспарлары толтырылды.

Тәрбие жұмысының жоспары мектеп директорымен бекітілді.

Қазақстанның білім беру жүйесінде тәрбиені дамыту мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі жағдайда балаларды әлеуметтендіру міндеттерін шешу бүкіл білім беру процесінің жаңа сапалы жағдайына көшу қажеттілігін туындатады.

Мемлекет балалық шақты адам өмірінің маңызды кезеңі деп таниды және балалар мен оқушы жастарды қоғамдағы толыққанды өмірге дайындаудың басымдығы қағидаттарын негізге алады.

Біздің мемлекетімізде балаларды, оқушы жастарды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері "Бала құқықтары туралы", "Білім туралы", "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарымен және басқа да нормативтік құқықтық құжаттармен реттеледі.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысы – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында іске асырылды.

Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері және күтілетін нәтиже Тәрбие мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Мектептегі оқу-тәрбие және сыныптан тыс іс-шаралардың әртүрлі бағыттары бойынша әр оқушының жеке басының өзін-өзі танытуына жағдай жасалып, үйірмелер, спорттық секциялар, жобалық іс-шаралар жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында мектеп бойынша:

Қамқоршылықтағы балалар – 0 оқушы

Аз қамтылған отбасы балалары – 0 оқушы

Көп балалы отбасы балалары – 2 (5 оқушы)

Толық емес отбасы балалары – 0

Тегін тамақпен қамтылды-5 бала

Мектептің тәрбие жұмыстары келесі әрекеттерді қамтиды:

-Сынып жетекшілердің қызметін ұйымдастыру;

-Бақылау және жетекші;

-Рухани тәрбие;

-Азамат - құқықтық тәрбие;

-Балардың денсаулығы мен өмірін қорғау;

-Еңбек тәрбие және кәсіби бейімделу;

-Бала- жасөспірімдер ұйымының жұмысы;

-Оқушының бейәлеуметтік мінез - құлқының алдын алу;

-Ата - аналар және қоғаммен жұмыс

"Мектепке жол" республикалық акциясы аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылының басталуына дайындық кезінде қолдау көрсетуге және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алуға бағытталған. Жұмыс жоспарына сәйкес 2023-2024 оқу жылының 1 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында "Мектепке жол" акциясы Айдарлы негізгі мектебінде өткізілді. Акция барысында көпбалалы отбасыларына (2 көпбалалы отбасы) ауылдың жеке меншік қожалықтары жыл сайын спонсорлық көмек көрсетіп тұрады және жылда мектеп табалдырығын алғашқы рет аттап отырған 1-сынып оқушыларға мектеп жабдықтар ретінде сыйлық берді. Көшелерді, елді мекендерді тексеру бойынша рейдтік іс-шара жүзеге асырылды.

Тәрбие жұмысындағы маңызды бағыттардың бірі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу болып табылады. Біздің мектеп бойынша жайсыз жасөспірімділер есебінде оқушылар жоқ болса да, осы бағыт бойынша Зеренді ауылдық округінің учаскелік инспекторымен бірлескен жұмыс жүргізіледі.

Айдарлы негізгі мектебінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бойынша жұмыс мектептің тәрбие жұмысының жоспарына, профилактикалық бағыттағы жоспарларға сәйкес жүргізіледі.

Осы мақсатта мемлекеттік мерекелерге, атаулы күндерге, оқу жылының басталуы мен аяқталуына арналған мектеп іс-шаралары салтанатты түрде өткізіледі.

- Сонымен қатар, оқушылардың бойында Қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру мақсатында мектепте келесі іс-шаралар өткізіледі:
- апта сайын дүйсенбі күндері жалпымектептік жиында әкімшілік, сынып жетекшілері мен оқушылар мемлекеттік әнұранды орындайды;
- Республика күнін, ҚР Тәуелсіздік күні, Қазақстан Республикасының әнұранын үздік орындауға конкурстар өткізіледі;
- тәрбиенің кешенді бағдарламасына сәйкес көпұлтты Қазақстан жағдайында білім беру ұйымдарының этнопедагогикалық жүйесін модельдеу көзделеді. Біздің мектепте этнопедагогика бойынша тұрақты мақсатты жұмыс жүргізіледі, оның негізгі міндеттері:

- 1) әлемдік мәдениеттің алуан түрлілігі және Қазақстанның мәдени ландшафтының байлығы, адамгершілік қасиеттері туралы оқушылардың түсініктерін қалыптастыру;
 - 2) этникалық тәрбие ерекшеліктерін есепке алу негізінде ұлттық тәрбие жүйесінде этнос субъектісін қалыптастыру;
- шақыруға дейінгі жастармен жұмыс;
 - "Ұлан" әскери-патриоттық ойындарын өткізу;
 - әскери-патриоттық тәрбие айлығы;
 - аудандық жарыстарға қатысу;
 - сыныптан тыс іс-шараларды өткізу (мерекелік кештер, викториналар, зияткерлік және зияткерлік-спорттық ойындар, суреттер, плакаттар, мәнерлеп оқу конкурстары және т. б. түрінде);
 - сынып сағаттарын өткізу;
 - дәстүрлі іс-шараларды өткізу:

"Жас Ұлан" ББЖҰ қызметі туралы ақпарат

"Жас Ұлан" - Қазақстандықтардың болашағын қалыптастыруға және дамытуға арналған жүйе.

Тәрбие процесінің басым жақтары :

- 1 Патриотизмге тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікке, оған деген мақтаныш сезімін қалыптастыруға тәрбиелеу. Халқын, оның тарихын, тілі мен дәстүрін, тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін жалғастыруға мүмкіндік береді;
- 2 Еңбексүйгіштікке, еңбекқорлыққа, еңбек нәтижелеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу;
- 3 Адамгершілікке, жолдастыққа, және толеранттылыққа, үлкенге деген сыйластық және жалпы адамзаттық құндылықтарын тәрбиелеу;

4 Қарым-қатынас және мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу. Ішімдік, есірткі, темекі және құқық бұзушылықтарға теріс көзқарасын қалыптастыру;
5 Жас Ұлан - оқушылардың өзін-өзі басқара отырып, бос уақытта танымдық, көркем-шығармашылық, спорттық-сауықтыру, қоғамдық пайдалы еңбек қызметін ұйымдастыру ұйымы.

Мектептегі балалар мен жасөспірімдер ұйымының негізгі мақсаты: әр түрлі іс шараларға ұйымдастыра отырып, балалардың шығармашылық және көшбасшылық әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

- шығармашылық белсенді, әлеуметтік жауаптылықты дамыту;
- рухани бай, жоғары адамгершілікті, физикалық дені сау жеке тұлға;
- тұрақты құндылықты бағдарын, оқушылардың біртұтас дүниетанымын;
- Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу, адамның құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздерді, тілді құрметтеуге тәрбиелеу.

Айдарлы ауылының негізгі орта мектебінде аға тәлімгер Уахитова И.У. жетекшілеуімен "Жас Ұлан" ББЖҰйымы екі буында жұмыс істейді. ("Жас Қыран" 1-4 сыныптар және "Жас Ұлан" 5- 9 сыныптар).

«Жас Ұлан» ұйымының құрамында 2023 - 2024 оқу жылында 36 оқушы болды. (Жас Қыран – 16 оқушы, Жас Ұлан – 20 оқушы)

Мектебімізде «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау салтанатты жиыны жылына 1 рет өткізіледі, (16 желтоқсанда) биылғы оқу жылы «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау салтанатты жиыны 25 қазанда өтті.

Жетістіктер

2023-2024 оқу жылдарында білім алушылар олимпиадалар мен конкурстарға қатысып, келесі нәтижелерді көрсетті:

Мектебіміздің 9 - сынып оқушысы Тасымова Зарина аудандық "Ақберен" сайысына қатысып, эссе жазу номинациясы бойынша жүлделі III орын алып, мақтау қағазымен марапатталды. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Курмангожина Ж.В.

4 - сынып оқушылары Шингин Амир "Бояулар құпиясы" Республикалық шығармашылық байқауынан I орын дипломмен марапатталды.

Жасұлан Айзада "Кенгуру" ойын сайысының жүлдегері II дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Бекжанова С.А.

3-сынып оқушылары Құлан Мансұр мен Абиров Асет "Кенгуру" ойын сайысының жүлдегері I дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Искожа А.С.

8 сынып оқушылары Торсанова Жанерке, Қапышев Алдиар, Сейфилмаликова Анель, 7 сынып оқушысы Рахматулин Адай қазақтың ұлттық интеллектуалдық ойыны "Тоғыз құмалақ" аудандық кезеңіне қатысып, жүлделі ІІІ орынға ие болып, мақтау қағазымен марапатталды. Жетекшісі Исқожа Қ.Б.

1-сынып оқушысы Жұмабай Назерке "Мис малышка" атты аудандық байқауына қатысып, жүлделі І орынға ие болды.

"Алтын сақа" республикалық олимпиадасы аудандық кезеңінде 3-сынып оқушысы Жасұлан Айзада ІІІ орынға ие болды. Әділбек Тілеужан, Еркін Амир, Құлан Мансұр мақтау қағазымен марапатталды. Жетекшісі Бекжанова С.А. Исқожа А.С.

Қазақстан Республикасының ауылдық жерлердегі мектеп оқушыларының дарындылығы мен қабілеттерін анықтау және қолдау үшін оңтайлы жағдайлар жасау, академиялық қабілетті оқушыларды іріктеу, олардың одан әрі зияткерлік дамуы мен кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ету мақсатында биыл алғашқы рет ауыл мектептерінің 9- сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасы өтті.

«Айқанат» олимпиадасы бойынша 8 сынып оқушылары Қапыш Алдиар мен Торсанова Жанерке облыстық турға өтті.

"Мәшһүр-Жүсіп оқулары" байқауының аудандық кезеңінде ІІІ орын иеленгені үшін Айдарлы ауылының негізгі орта мектебінің 9-сынып оқушысы Тасымова Зарина марапатталды. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Курмангожина Жумажан Валихановна.

Аудан мектептерінің 9-11 сынып оқушылары арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Қ.Бітібаева атындағы аудандық олимпиадасында 9-сынып оқушысы Тасымова Зарина ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Курмангожина Жумажан Валихановна.

"Жарқын болашақ" сайысында "Өн көңілдің ажары" атты номинация бойынша 7-сынып оқушысы Абдрахманова Айша жүлделі І орынға ие болды.

"Мұқағали Мақатаев оқулары" аудандық сайысында "Айтып өткен ақынды арман бар ма?" номинациясы бойынша 8-сынып оқушысы Торсанова Жанерке жүлделі ІІ орынға ие болды.

7-8 сыныптар арасында өткен республикалық пән олимпиададан аудандық кезеңінде 8-сынып оқушылары Қапыш Алдиар ағылшын тілі пәнінен І орынға, Қарамолдина Айғаным қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен ІІІ орынға, 7-сынып оқушысы Рахматулин Адай география пәнінен ІІІ орынға ие болды.

"Ақбота" зияткерлік олимпиадасына 3-9 сынып оқушылары қашықтықтан қатысып диплом және сертификат иелері атанды. Жетекшісі ағылшын тілі пәні мұғалімі Рахматулина Камила Манарбековна.

«Айқанат» олимпиадасы бойынша 8 сынып оқушылары Қапыш Алдиар мен Торсанова Жанерке облыстық ІІ турға қатысып келді.

8-сынып оқушысы Торсанова Жанерке 8-11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалардың аудандық кезеңінде ІІ орын алып, дипломмен марапатталды. Жетекшісі Айдосова А.К.

4- сынып оқушылары "Кенгуру - математика барлығы үшін" халықаралық ойын конкурсына қатысып ІІ - ІІІ дәрежелі дипломдар мен сертификаттарға иеленді. Жетекшісі: Бекжанова С.А.

«Айқанат» олимпиадасы бойынша 8-сынып оқушысы Қапыш Алдиар ІІІ тур республикалық деңгейге өтті.

Дене шынықтыру:

Волейбол секциясы аптасына 2 рет, 1,5 сағаттан өткізіледі.

Осылайша, білім беру ұйымында ҮОЖ-ға сәйкес вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтер оқытылатыны анықталды.

2023-2024 оқу жылында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталғаны анықталды.

Бастауыш сыныптар: 1 сынып – 19,5 сағат, 2 сынып – 24 сағат, 3 сынып – 26 сағат, 4 сынып – 26 сағат. 2-4 сынып класс-комплект – 26 сағат.

5-9 сыныптар: 5 сынып – 28,5 сағат, 6 сынып – 28,5 сағат, 7 сынып – 31,5 сағат, 8 сынып – 32,5 сағат, 9 сынып – 34 сағат. 5-6 сынып класс-комплект – 28,5 сағат.

2023-2024 оқу жылында сабақтың оқытылу ұзақтығы – 45 минут.

Сынып журналдары «Kundelik.kz» журналында 100% толтырылған. Инвариантты, вариативтік компонент оқу жүктемесінің сабақ кестесі ата-аналар кеңесінің төрайымымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, оның ішінде «Дүниетану», «Дене шынықтыру» оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары зерделеніп, талдау жасалды.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы зерделеу барысында 2023-2024 оқу жылдарында бұл курсты міндетті меңгеру қамтамасыз етілгені анықталды. Бастауыш сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныптарда 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімі іске асырады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Дүниетану», «Дене шынықтыру» пәндері аясында оқытылатыны «Kundelik.kz» электронды журналда көрсетілген.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарлары, сынып журналдары зерделеніп, талдау жасалды.

«Жолда жүру ережелері» міндетті курсына іске асыруда 2023-2024 оқу жылдары «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 5-8 сыныптарда 10 сағаттан жүргізіледі. Осы курсты 1-9 сынып жетекшілері сынып сағаттарында жүзеге асырады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны сынып сағаттары есебінен оқытылатыны «Kundelik.kz» электронды журналда көрсетілген.

Мектеп директоры бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, инвариантты және вариативті компоненттер бойынша сабақ кестелері, сынып журналдары зерделеніп, талдау жасалды.

Оқу жұмыс жоспарларында, сабақ кестелерінде, «Kundelik.kz» электронды журналында сыныптар бойынша инвариантты және вариативті компонентінде апталық, жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында берілген оқу жүктемесіне сәйкес сақталған.

2023-2024 оқу жылы:

Сынып	Инварианттық компоненті	Вариативтік компонент	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
1	18,5	1	19,5	682,5
2	23	1	24	864
3	25	1	26	936
4	25	1	26	936
5	28	0,5	28,5	1026
6	28	0,5	28,5	1026
7	31	0,5	31,5	1134
8	32	0,5	32,5	1170
9	33	1	34	1224

2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптар бойынша 1 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 19,5 сағатты (оның ішінде 18,5 сағат инварианттық компонент), 2 сыныпта – 24 сағатты (оның ішінде 23 сағат инварианттық компонент), 3 сыныпта 26 сағатты (оның ішінде 25 сағат инварианттық компонент), 4 сыныпта 26 сағатты (оның ішінде 25 сағат инварианттық компонент) құрайды.

5-9 сыныптар бойынша 5 сыныпта жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,5 сағатты (оның ішінде 28 сағат инварианттық компонент), 6 сыныпта – 28,5 сағатты (оның ішінде 28 сағат инварианттық компонент), 7 сыныпта 31,5 сағатты (оның ішінде 31 сағат инварианттық компонент), 8 сыныпта 32,5 сағатты (оның ішінде 32 сағат инварианттық компонент), 9 сыныпта 34 сағатты (оның ішінде 33 сағат инварианттық компонент) құрайды.

2023-2024 оқу жылында 2021 жылғы 29 тамыздағы педагогикалық кеңесі № 1 отырысының шешімімен 5-6, 7 сыныптарда көркем еңбек сабақтарында оқушылар екі топқа (қыздар, ұлдар) бөлініп оқытылады. Сынып журналдары, білім алушылардың қорытынды аттестаттау хаттамаларының көшірмелері бар.

2023-2024 жылғы «Kundelik.kz» электронды журнал зерделеніп, талдау жасалды. Мектептің «Kundelik.kz» электронды журналында 2-9 сыныптарында үйге берілген тапсырманы орындауына қанша уақыт қажет екені көрсетілген.

Білім беру ұйымдарында бағалау «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2008 жылғы 18 наурызындағы № 125 бұйрығымен және «білім беру мазмұнын жаңарту аясында орта мектеп үшін критериалды бағалау мен құжаттарды рәсімдеу бойынша», «Бастауыш мектеп мұғалімдері үшін критериалды бағалау» нұсқаулықтарды басшылыққа алып, мектепте формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша «білім алушылардың оқу жетістігі) балл электрондық журналға қойылған.

2-9 сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін формативті бағалау 1 балдан 10 балға дейінгі шекте жүзеге асырылған. 2-9 сыныптардағы пәндер бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері ұсынылған.

12. Оқу-материалдық активтер

Типтік жоба. Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Айдарлы ауылы, Айдарлы ауылының негізгі орта мектебі 2009 жылы жаңа екі қабатты мектеп ошағы салынды. Мекен-жайы: Орталық көшесі, 22 үй. Мектептің жалпы ауданы-1995 м2, ал пайдаланаып жатқан аудан - 1449 м2. Мектеп жанында қазандық орналасқан. Қазандықтың ішінде 2 пеш бар, жұмысшыларға арналған бөлме, керекті жабдықтарға арналған қойма бар. Қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мектеп қоршалған, жанында ағаштар мен бұталар отырғызылған және «Бал-бөбек» шағын орталығының балаларына арналған ойын алаңы да бар. Сонымен қатар, мектептің жанында футбол алаңы бар. 2015 ж мектептің ауласына Отан соғысының ардагерлеріне арналған ескерткіш орнатылды.

Мектебіміздің бірінші қабатында 24 орындық асхана бөлмесі бар. Асхана қазіргі заман талабына сай жабдықталған: ас пісіретін, азық-түлік сақтайтын, дәретхана, ыдыс жуатын бөлмелер және ас ішетін орын бар. Жиһаздар мен ыдыс-аяқтар толық қамтылған. Ыстық сумен қамтамасыз етілген. Балаларды таза сумен қамтамасыз ету мақсатында мектебімізде суды тазартуға арналған құрылғы бар. Жаппай біліммен қамтамасыз ететін балалар саны 8 оқушылары және 1-сыныптың 2 оқушылары тегін тамақтанады. Ал қалған 31 оқушы ата-аналардың демеушілігімен тамақтанады.

Ұлдар шеберханасының ауданы-48кв.м., Шеберханада әр түрлі ағаштан бұйымдар жасайтын станоктор бар. Спорт залдың ауданы - 152 м2. Спорт залда дене шынықтыру сабағына қажетті құрал-жабдықтардың барлығы бар: шаңғылар, волейбол, баскетбол, футбол ойынның құралдары, спорттық төсеніштер, шахмат, шашки, тоғызқұмалақ, секірткіштер, доптар, теннис үстелі. Жыл мектеп түлектері әр түрлі керекті спорт жабдықтармен қамтамасыз етеді.

Бастауыш сыныптар: ауданы-33кв.м. Сыныптарда керекті жабдықтармен қамтылған: керекті жиһаздар, парталар, қара тақталар мен интербелсенді тақталар, компьютерлар. Көрнекілік стендтер де бар.

1 қабатта 20 балаға арналған «Бал-бөбек» шағын орталығы орналасқан. Шағын орталық заман табалына сай қамтылған: Жатын бөлме, ойын бөлмесі, дәретхана, қол жуатын жері бөлек, тамақтанатын бөлме және дәліз бар. Дәлізде арнайы балалардың жеке шкафтары бар. Көрнекіліктер мен ойыншықтар жеткілікті. Шағын орталықтағы балалар әр түрлі жастағы топ.

Гардеробтағы киім ілгіштер әр түрлі жастағы бала санына жеткілікті.

1 қабатта директордың кабинеті орналасқан.

Екінші қабатта орналасқан медбике кабинетінің ауданы -18 кв.м. Кабинет санитарлық талаптарға сай: керекті құрал-жабдықтармен қамтылған. Бірінші жедел жәрдем көмек көрсетуге дәрі-дәрмектер бар. Медициналық қызметке лицензиясы бар.

Қыздар шеберханасының ауданы-50кв.м. Шеберханада керекті құрал-жабдықтар бар: 4 орынды іс тігетін машиналар, шкафтар, үстелдер, орындықтар, 3 раковина, көрме бұрыштары бар.

Химия, қазақ тілі және орыс-тілі, ағылшын кабинеттерінің ауданы - 34кв.м. Кабинеттер толық қажетті жиһаздармен қамтамасыз етілген. Кабинеттер де көрнекілік құралдар мен стендтер бар. Химия кабинетінде интербелсенді тақта орналасқан. Ағылшын кабинетінде мультимедиялық жабдық және принтер бар.

Информатика кабинетінің ауданы-47кв.м., 2019-2020 оқу жылдың басында 10 нәтбуктар Зеренді аудан білім бөлімі бөлді. Оқушыларға арналған 10 орынды бар. Веб-камера-2, Принтер-1, Лазерлік принтер-1.

Психология кабинетінің ауданы-16кв.м., Керекті құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Интербелсенді тақта орналасқан және принтер-1.

Тарих және математика кабинетінің ауданы-31кв.м. Керекті құрал-жабдықтармен және жиһаздармен толық қамтылған.

Салтанат залы - 49 м2., 40 орынды. Сахна төрі бар.

2010 жылы мектебімізде «Дүйсен би Есенберліұлының» мұражайы ашылды. Мұражайда атақты Қарауыл руының саятшы, шешен, би болған ел адамы Дүйсен би Есенберліұлы Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қошқарбай елінің тумасына арналған ескерткіші бар. Жыл сайын мұражайдың іші жаңартылып отырады. 2014 жылы Көкшетау қаласындағы М.Ғабдуллин атындағы музейде көрме ұйымдастырылып, қатысты.

Мұғалімдер бөлмесі бар. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша Буккроссинг бұрышы мен «Шахмат» үйірмесінің бұрыштары бар. Қауіпсіздік ережелерге байланысты стендтер де бар.

Мектебімізге жыл сайын қажетті материалдармен қамтамасыз етеді. Тарих кабинеті мен бастауыш сыныптарға жаңадан линолиум жаңартылды.

Мектептің іші заманауи сай мектеп жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

Қазіргі таңда капиталды ремонт қажет етпейді.

Дабыл түймешігі. Бейнебақылау камералары орналасқан: Ішкі - 8. Сыртқы - 3. zeren-aidarly.edu.kz домені бар. Жалпы дәретхана-5. Оның 3 бірінші қабатта, 2 екінші қабатта орналасқан. Унитаз саны-7. Жуыну Раковина-16 штук. Әр кабинеттерде орналасқан.

2023-2024 оқу жылдың басында тактильді жолақтар мен тактильді белгілер. Мнемосхема. Қоңырау. Ерекше білім беру қажеттеліктері бар адамдарға арналған пандус және шақыру батырмасы бар..

Мамандандырылған күзет фирмасы қауіпсіздік қамтамасыз етеді.

13. Кітапхана қоры және ақпараттық ресурстар

Кітапхана ауданы 46,2 м². Кітаптар саны 5648. Оқулықтар саны – 2629. Көркем және ғылыми әдебиеттер саны 3019 кітап, Оқулықтармен оқушылар толық қамтылған. Арнайы кітап сөрелері, үстел, көрнекіліктер мен стендтер мен жабдықталған. 2023-2024 оқу жылында барлық оқушылар оқулықтармен қамтылған.

14. Оқушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың білім сапасын, іскерлігін және дағдыларын бағалау ведомостары, өлшемшарттардың 13-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қарастырылды. Оқыту нәтижелерін бағалауға жататын белгілі бір білім беру деңгейі контингентінің жалпы тізімдік құрамынан білім алушылардың 100 %-ы кешенді тестілеуге қатысқанын көрсетті.

Кешенді тестілеуге 4- сынып бойынша 3 оқушы қатысты. Оның ішінде үшеуі 3 бағасын алды. 9 сынып бойынша 6 оқушы қатысты. Оның алтауы 2 бағасын алды. 4 сынып бойынша 57% құрады, 9 сынып бойынша 33 % құрады.

Білім беру ұйымының басшысы _____

Мәнәп А.С.

